

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 және 2003 жылғы 20 маусымдағы N 1141 жарлықтарына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 14 мамырдағы N 1367 Жарлығы

" П р е з и д е н т п е н Ү к і м е т
а к т і л е р і н і ң ж и н а ғ ы н д а "
жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңының 17-1-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында, қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына толықтыру мен өзгеріс енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі онтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 1, 2-құжат; 2001 ж., N 4-5, 43-құжат; 2002 ж., N 26, 272-құжат; N 45, 445-құжат; 2003 ж., N 12, 130-құжат; N 16, 160-құжат):

аталған Жарлықтың 1-қосымшасы мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

" Қазақстан Республикасының
Табиғи монополияларды реттеу және
бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі 573
оның ішінде аумақтық органдар 408";

2) "Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 20 маусымдағы N 1141 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 27, 250-құжат; N 41, 427-құжат):

2-тармақтағы "576" деген цифр "573" деген цифрмен ауыстырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті